

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 сәуірдегі N 415 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат, N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжат; 1998 ж., N 2-3, 23-құжат; N 5-6, 50-құжат; N 11-12, 178-құжат; N 17-18, 224, 225-құжат; N 23, 429-құжат; 1999 ж., N 20, 727, 731-құжат; N 23, 916-құжат; 2000 ж., N 18, 336-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52-құжат N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 10, 102-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 11, 56, 57, 66-құжат; N 15, 139-құжат; N 19-20, 146-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 56-құжат; N 16, 91-құжат; N 23, 142-құжат):

1) 50-баптың 1-тармағы ", тіркеу орыны бойынша салық және кеден органына" деген сөздермен толықтырылсын;

2) мынадай мазмұндағы 54-1-баппен толықтырылсын:

" 5 4 - 1 . С ы р т т а й б а й қ а у

Сырттай байқау рәсімін сот мынадай мақсаттарда енгізуі мүмкін:

борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету;

әдейі банкроттық белгілерін анықтау;

борышкердің қаржылық жағдайына және кредиторлар алдында міндеттемелерді орындаудан жалтару жөнінде іс-әрекеттеріне талдау жүргізу;

кредиторлар тарапынан борышкердің қаржылық-шаруашылық қызметінің жай-күйіне және олардың қайта ұйымдастырылған рәсімдерін жүргізу;

негізгі құралдарды шеттету, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша мәмілелерді, сондай-ақ рыноктықтан әлдеқайда төмен бағалар немесе олардың орындалуы борышкер үшін залалға әкеп соғатын, жеткіліксіз негіздемелер бойынша басқа да мәмілелерді жасауға бақылау.

Ішкі бақылауды қолдану заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады."

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2001 жылғы 12 маусымдағы Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 11-12, 168-құжат; 2002 ж., N 6, 73, 75-құжаттар; N 19-20, 171-құжат; 2003 ж., N 1-2, 6-құжат; N 4, 25-құжат; N 11, 56-құжат; N 15, 133, 139-құжаттар; N 21-22, 160-құжат; N 24, 178-құжат; 2004 ж., N 5, 30-құжат; N 14, 82-құжат; N 20, 116-құжат; N 23, 140-құжат; 142-құжат; N 24, 153-құжат) :

501-бап мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

"23) конкурстық басқарушы - банкроттық туралы заңда көзделген өз құзыретінің шегінде конкурстық іс жүргізу мүддесімен талап қоюды беру кезінде."

3. "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-құжат; N 13-14, 205-құжат; 1998 ж., N 14, 198-құжат; N 17-18, 225-құжат; 2000 ж., N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 8, 52-құжат; N 17-18, 240-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 4, 26-құжат; N 11, 67-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 23, 142-құжат):

1 - б а п т а :

1 ) т а р м а қ ш а д а :

"рәсіміне және соттан тыс тарату рәсіміне" деген сөздер "рәсіміне және соттан тыс тарату рәсіміне және сырттай байқауға" деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы ", сондай-ақ сырттай байқау әкімшісіне" деген сөздермен толықтырылсын;

1-1) және 4-1) мынадай мазмұндағы тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) сырттай байқау әкімшісі - сырттай байқау рәсімдерін жүргізу үшін белгіленген тәртіппен тағайындалған тұлға;" ;

"4-1) сырттай байқау - борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, әдейі

банкроттық белгілерін анықтау, борышкердің қаржылық жағдайына, сондай-ақ кредиторлар алдында міндеттемелерді орындаудан жалтару жөнінде іс-әрекеттеріне талдау жүргізу, кредиторлар тарапынан борышкердің қаржылық-шаруашылық қызметінің жай-күйіне, олардың қайта ұйымдастырылған рәсімдерін жүргізуіне, негізгі құралдарды шеттету, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша мәмілелерді, сондай-ақ рыноктықтан әлдеқайда төмен бағалар немесе олардың орындалуы борышкер үшін залалға әкеп соғатын, жеткіліксіз негіздемелер бойынша басқа да мәмілелерді жасауға бақылау мақсатында сот белгілейтін рәсім.

7) тармақшада "өзіне" деген сөзден кейін "банкроттықтың сырттай байқау" деген сөздермен толықтырылсын;

12) тармақша "бюджетке түсетін салық және басқа да міндетті төлемдер жөніндегі кредитордан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

" 4 . Е г е р м ы н а д а й :

салық берешегі бойынша бюджетке түсетін салық және басқа да міндетті төлемдер жөніндегі кредитордың талаптары кемінде жүз елу айлық есепті көрсеткіштердің сомасын құраса ;

өзге де кредиторлардың борышкерге қоятын талаптары жиынтығында кемінде жүз елу айлық есепті көрсеткіштердің сомасын құраса банкроттық туралы істерді сот қарайды .

Осы тармақтың талаптары осы Заңның 94-бабында көзделген жағдайларға таратылмайды.";

3) 6-баптың 2, 3-тармақтарында және 4-тармақтың бірінші бөлігінде "екі" деген сөз "үш" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 10-баптың 2-тармағының бірінші бөлігі "талаптары" деген сөздің алдынан " мәлімделген" деген сөздермен толықтырылсын;

5 ) 1 0 - 1 - б а п т а :

5) тармақшада "қалыптастырады және" деген сөздерден кейін "бекітеді" деген сөзбен толықтырылсын ;

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"б) кредиторлар комитетінің (кредиторлар кеңесінің) оналту немесе конкурстық басқарушылармен, сондай-ақ сырттай байқау әкімшісімен жасайтын келісім жобаларының Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келуін қарайды;" ;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"дәрменсіз борышкерлерге қатысты оналту рәсімін қолдануды келісудің тәртібін анықтайды " ;

9) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"9) конкурстық іс жүргізу, оналту рәсімінде, сондай-ақ сырттай байқау рәсімі кезінде кредиторлар комитетінің (кредиторлар кеңесінің) құрамын бекітеді;" ;

14) тармақшада "жоспарын" деген сөз "жоспардың жобасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын:

"20) сырттай байқау әкімшісін, конкурстық және оналту басқарушыларын даярлауды ұйымдастырады және оларды даярлау ережесін бекітеді.";

6) 19-баптың 1-тармағының 1) тармақшасында "борышкер мемлекеттік бажды төлеуді кейінге қалдыру туралы өтініш берген жағдайлардан басқа," деген сөздер алынып тасталсын;

7) 20-бап алынып тасталсын;

8 ) 22 - бапта :

атауы "(кредиторлардың)" деген сөзден кейін "не сырттай байқау әкімшісінің" деген сөздермен және 1-тармақта "(кредиторлар)" деген сөзден кейін "не сырттай байқау әкімшісі" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақта "Кредитордың" деген сөз "Кредитордың не сырттай байқау әкімшісінің өтініші жазбаша түрде беріледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - тармақта :

бірінші абзацта "Кредитордың" деген сөзден кейін "не сырттай байқау әкімшісінің" деген сөздермен толықтырылсын;

3) тармақшада "кредитордың" деген сөзден кейін "не сырттай байқау әкімшісінің" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшада "кредиторға" деген сөзден кейін "не сырттай байқау әкімшісіне" деген сөздермен толықтырылсын;

4-тармақта "Кредитор" деген сөз "Кредитор не сырттай байқау әкімшісі" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақта "Кредитордың" деген сөзден кейін "не сырттай байқау әкімшісінің" деген сөздермен толықтырылсын;

9 ) 23 - бапта :

атауы "Кредитордың" деген сөзден кейін "не сырттай байқау әкімшісінің" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші абзацта "Кредитордың" деген сөзден кейін "не сырттай байқау әкімшісінің" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшада "кредитордың" деген сөз алынып тасталсын;

10) 28-баптың 1-тармағында :

1) тармақша мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

"Егер осы Заңның 2-бабының 4-тармағында көрсетілген ұйым борышкер болып табылған жағдайда сот уәкілетті органның өтініші бойынша өндірістік циклды, оның ішінде үздіксіз өндірісті қолдау және мүліктің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажеттігі шамалы ағымдағы төлемдер өндірісіне уәкілетті тұлғаларды анықтайды.";

2) тармақшада "аралық соттардың" деген сөздерден кейін ", салық органдарының,

сондай-ақ меншіктенушілердің (құрылтайшылардың, қатысушылардың) немесе оның мүлкіне қатысты борышкердің органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

1 1 ) 3 6 - б а п т а :

2-тармақ мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) борышкердің лауазымды тұлғаларына оның мүлкіне құрылтайшы, қаржылық және құқық белгілеуші құжаттарды, сондай-ақ борышкердің мөртабанын конкурстық басқарушыға ол тағайындалған күннен бастап үш күннен кешіктірмейтін мерзімде беру туралы нұсқаулар болуға тиіс."

3-тармақтың бірінші бөлігінде "ресми басылымдардың бірінде, сондай-ақ борышкердің тұрғылықты жері бойынша облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі ресми жарияланым үшін белгілеген газеттердің бірінде немесе өзге мерзімді басылымда" деген сөздер "белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған республикалық немесе жергілікті (борышкердің тұрғылықты жері бойынша) мерзімді баспа басылымдарының бірінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 ) 4 0 - б а п т а :

атауында "Сот және" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақта "төленуі кейінге қалдырылған мемлекеттік баж жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, барлық сот шығыстары мен" деген сөздер алынып тасталсын;

13) 41-бапта "кассациялық" деген сөз "апелляциялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

14) мынадай мазмұндағы 3-1-тараумен толықтырылсын:

"3-1-тарау. Сырттай байқау

41-1-бап. Сырттай байқау

1. Азаматтық-құқықтық міндеттемелер бойынша кредитордың, салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салық немесе өзге мемлекеттік уәкілетті органның не уәкілетті органның өтініші бойынша сот:

1) кем деген үш кредитор, оның ішінде сырттай байқау рәсімін қолдануға келісім білдірген өтініш беруші;

2) борышкердің төлем қабілеті жоқ болған кезде үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге сырттай байқау рәсімін жүргізуі мүмкін.

Сырттай байқау жүргізу туралы сот анықтамасында уәкілетті органға үш күн мерзімде сырттай байқау әкімшісін тағайындауды тапсыру туралы көрсетіледі.

Сырттай байқау әкімшісін тағайындау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2. Сырттай байқау әкімшісі болып жеке тұлғаның аттестаттаудан өткенін және оған мүлікті басқару жөніндегі қызметтерді көрсетуге және банкроттық рәсімдерде борышкерлердің төлем қабілеті жоқ істеріне құқық берілгенін куәландыратын біліктілік куәлігі бар жеке тұлға - жеке кәсіпкер тағайындалады.

Сырттай байқау әкімшісі болып осы Заңның 9-бабының 4-тармағында көрсетілген тұлғалар тағайындалмайды.

### 3. Сырттай байқау әкімшісі мынадай жағдайларда:

1) өзіне жүктелген міндеттерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, жекелеген кредиторлардың мүдделеріне немесе басқаларға артықшылық көрсететін іс-әрекеттерді жасағанда, оның жұмыстан босатылуына негіздеме болып табылатын өзге де іс-әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасағанда;

2) лицензиялау туралы заңнамада көзделген негіздемелер бойынша лицензиялардың әрекетін қайтарып алғанда немесе тоқтата тұрғанда;

3) оларға жүктелген міндеттердің орындалмауының мүмкін еместігінде көрсетілген функцияларды жүзеге асыру үшін тағайындалған тәртіппен де борышкердің істері мен мүлкін басқарудан шеттетіледі.

### 4. Сырттай байқау жүргізу кезінде мынадай салдарлар болады:

борышкерге кредиторлардың кез келген талаптары осы Заңда көзделген сырттай байқау рәсімдері шегінде ғана қойылуы мүмкін;

борышкердің лауазымды тұлғаларына оларға тиесілі акцияларды, борышкер мүлкіне үлестерін шектеуге тыйым салынады.

5. Сырттай байқау жүргізу туралы өтінішті сотқа беру кезінде кредитор тиісті салық қызметі органына хабарлама жібереді.

#### 41-2-бап. Кредиторлар кеңесін қалыптастыру

1. Сырттай байқау кезінде кредиторлар мүддесін қамтамасыз ету мақсатында, құрамын осы баптың талаптарына сәйкес сыртқы қадағалау әкімшісі қалыптастырылатын және оны уәкілетті орган бекітетін кредиторлардың кеңесі құрылады.

2. Кредиторлар кеңесінің құрамына борышкерге біршама талабы бар азаматтық-құқықтық міндеттемелер бойынша кредиторлар, сондай-ақ салық берешегі болған кезде салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кредитор кіре алады.

3. Өтініші бойынша сырттай байқау рәсімі жүргізілген кредиторлар талаптардың мөлшеріне қарамастан, кредиторлар кеңесінің құрамына енгізіледі.

4. Кредиторлардың кеңесі жеті адамнан аспайтын тақ саннан құралған мүшелерден тұрады.

#### 41-3-бап. Кредиторлар кеңесінің өкілеттігі

Кредиторлар кеңесінің өкілеттігіне:

1) сырттай байқау әкімшісінің іс-қимылдарын үйлестіру мен бақылау;

2) борышкердің заңды айырықша іс-қимылдар жасауына қатысты сырттай байқау әкімшісінің іс-қимылдарын, негізгі қаражаттарды шеттету, кепілге немесе жалға мүлікте беру жөніндегі мәмілелерді, сондай-ақ рыноктан біршама төмен баға бойынша не орындалуы борышкерге шығын әкелетін жеткілікті негіздемелері жоқ басқа да мәмілелерді, қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізуді соттарда үшінші тұлғалармен келісу;

3) борышкердің мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, оның мәмілелерін және нәтижесінде борышкердің төлем қабілеті жоқ болып шыққан сырттай байқау рәсімдерін жүргізгенге дейін жасалған іс-қимылдарды анықтау мен талдау, мүлікті түгендеу актісі бойынша салыстыру жүргізу және сырттай байқау мақсатына қайшы келмейтін өзге, сондай-ақ осы Заңда белгіленген шекте оның өкілеттігі көлемі жөніндегі іс-шаралар туралы уәкілетті органмен келісілген келісімдерді сырттай байқау әкімшісімен жасасу жатады.

41-4-бап. Сырттай байқау әкімшісінің өкілеттігі

#### 1. Сырттай байқау әкімшісі:

1) борышкердің мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шараларды қабылдау туралы, сондай-ақ мұндай шаралардың күшін жою туралы қолдаухатты сотқа мәлімдеуге;

2) түгендеу актісі бойынша борышкердің жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне салыстыру жүргізуге;

3) борышкерден берешек сомасы, активтер мен пассивтердің айқарма балансы, борышкердің қаржылық ахуалы туралы есеп және басқа да қажетті ақпараттар көрсетілген оның кредиторлары мен дебиторларының толық тізбесін талап етуге;

4) қажетті құжаттарды, қорытындыларды беру және (немесе) үшінші тұлғалардан беруін талап ету, борышкердің қаржылық-шаруашылық қызметіне жататын өзге де мәліметтерді олардың беруі туралы сот алдында өтініш жасауға, сондай-ақ егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгелей көзделмесе, олардың тұрғылықты жерінде осы мәліметтермен танысуға;

5) борышкердің қаржылық ахуалын нашарлатқан сырттай байқау рәсімін жүргізгенге дейін жасалған мәмілелерді анықтауға борышкерден оны бұзуын талап етуге;

6) борышкерден осы Заңның 41-7-бабында көзделген міндеттерін орындауын талап етуге;

7) осы Заңда көзделген тәртіппен және мөлшерде сыйақы алуға;

8) өзге де өкілеттіктерді осы Заңға сәйкес жүзеге асыруға құқылы.

#### 2. Сыртқы бақылау әкімшісі:

1) борышкерге қатысты өз іс-қимылдарын кредиторлар кеңесімен келісуге;

2) борышкер мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету және оны қорғау жөніндегі шараларды қабылдауға;

3) әдейі және жалған банкроттық белгілердің болуын анықтауға және анықталған белгілер туралы құқық қорғау органдарына хабарлауға не сотта борышкерден мүлікті шығару жөніндегі мәмілелерді бұзуын талап етуге;

4) борышкердің кредиторлары мен дебиторларын белгілеуге, борышкерден

дебиторлық берешекті өндіріп алу жөніндегі шараларды қабылдауын талап етуге;

5) кредиторлар кеңесімен және уәкілетті органмен келісілген өз қызметі туралы есепті сырттай байқау кезеңі аяқталғанда сотқа беруге міндетті.

41-5-бап. Сырттай байқау әкімшісінің жауапкершілігі

Сырттай байқау әкімшісі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сырттай байқау рәсімдерінің тиісінше жүзеге асырылуына жауапкершілікте болады.

41-6-бап. Сырттай байқау шығыстары

Әкімшілік шығыстарды және сырттай байқау әкімшісіне ағымдағы төлемдерді қаржыландыру шарттары оны қолдануға келісім білдірген кредиторлар арасында сыртқы бақылау жүргізілгенге дейін жасалатын келісіммен анықталады.

41-7-бап. Борышкердің міндеттері

Б о р ы ш к е р :

1) бір апталық мерзімде сырттай байқауды енгізу туралы анықтаманың заң күшіне енген күнінен бастап белгіленген тәртіппен сырттай байқауды енгізу туралы жарияланымды нормативтік құқықтық актінің ресми жариялану күқығын алған республикалық мерзімді басылымдардың бірінде орналастыруға;

2) сырттай байқау әкімшісінің талабы бойынша:

соттарда борышкердің заңды мәні бар іс-әрекеттерді, үшінші тұлғалардың негізгі құралдарды шеттету, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша сырттай байқау енгізгенге дейін жасалған мәмілелерді, сондай-ақ борышкер активтері құнының жалпы мөлшерінен он және одан жоғары процент құнымен басқа да мәмілелерді жасауына қатысты қаржылық-шаруашылық және ұйымдастыру қызметі туралы ақпарат беруге;

сырттай байқауды енгізгенге дейін жасалған мүлікті шығару және дебиторлық берешекте өндіріп алу бойынша мәмілелерді бұзу жөніндегі шараларды қабылдауға;

3) сырттай байқау әкімшісімен шығыстардың ұлғаюын, бухгалтерлік есептің стандарттарына сәйкес меншікті капиталдағы өзгерістерді, қайта ұйымдастыру рәсімдерін жүргізуді, соттарда заңды мәні бар іс-әрекеттердің, үшінші тұлғалардың негізгі құралдарды шеттету жөніндегі мәмілелердің, мүлікті кепілге немесе жалға беру бойынша, сондай-ақ борышкер активтері құнының жалпы мөлшерінен он және одан жоғары процент құнымен мүлікті сатып алу немесе шеттету жөніндегі мәмілелердің жасалуын келісуге міндетті.

41-8-бап. Сырттай байқауды тоқтату

С ы р т т а й б а й қ а у м ы н а д а й :

1) сырттай байқау мерзімі өткен;

2) қорытынды есепке кредиторлар кеңесі мен уәкілетті органмен келісілген сырттай байқау әкімшісінің борышкерге банкроттық рәсімдерді (оңалту немесе конкурстық іс жүргізуді) қолдану туралы өтінішін қоса берген жағдайларда соттың сырттай байқау



әкімшісінің қорытынды есебін бекіткен кезде тоқтатылады. Осы жағдайда сырттай байқау әкімшісінің өтініші осы Заңның 22-бабының ережелеріне сәйкес келуі тиіс.

Қорытынды есептің нысаны мен оны келісу тәртібін уәкілетті орган бекітеді.";

1 5 ) 4 3 - б а п т а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) борышкердің төлем қабілетін қалпына келтірудің шынайы мүмкіндігі туралы а у д и т о р л ы қ е с е п ; " ;

4-тармақта "құрады және" деген сөздерден кейін "бекітеді" деген сөзбен толықтырылсын;

16) 46-баптың 1-тармағы "заңдарға қайшы келмейтін кез келген іс әрекеттер" деген сөздердің алдынан "оңалту жоспарына сәйкес" деген сөздермен толықтырылсын;

17) 50-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осы Заңның 2-бабының 4-тармағында көрсетілген ұйымның дәрменсіздігі кезінде оңалтуды басқарушының қолдаухаты бойынша кредиторлар комитетінің және уәкілетті органның келісімімен оңалту рәсімінің мерзімін сот екі жылға дейінгі мерзімге ұзартуы мүмкін.";

18) 54-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Борышкерді банкрот деп таныған және конкурстық іс жүргізу ашылған жағдайда оңалту кезеңінде пайда болған берешектің сомасы осы Заңның 75-бабында белгіленген тәртіппен қанағаттандырылады.";

19) 57-баптың 2-тармағы "оңалтуды басқарушымен" деген сөздерден кейін " уәкілетті орган және" деген сөздермен толықтырылсын;

20) 58-баптың 1-тармағында "шаруашылық серіктестігі", "шаруашылық серіктестігіне қатысушылардың" деген сөздерден кейін "немесе акционерлік қоғам", " немесе акционерлік қоғам акционерлерінің" деген сөздермен толықтырылсын;

2 1 ) 6 5 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

"алты" деген сөз "тоғыз" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Конкурстық іс жүргізу мерзімі банкрот деп тану туралы сот шешімі заң күшіне енген күннен бастап есептеледі.";

2 2 ) 6 9 - б а п т а :

1-тармақтың екінші бөлігінде "тағайындау" деген сөзден кейін ", есепке алу және тіркеу" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасында "өткізілген конкурстық массаның" деген сөздер " кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруға жіберілген қаражаттың" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 3 ) 7 0 - б а п т а :

1) тармақшада "он күннен" деген сөздердің алдынан "оны тағайындаған күннен

бастап" деген сөздермен толықтырылсын;

1-2) тармақшада "ресми басылымдардың бірінде, сондай-ақ борышкердің тұрғылықты жері бойынша облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі ресми жарияланым үшін белгіленген газеттердің бірінде немесе өзге де мерзімді басылымда" деген сөздер "белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған республикалық немесе жергілікті (борышкердің тұрғылықты жері бойынша) мерзімді басылымдарының бірінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшада "борышкердің банкроттығы туралы шешім қабылданған күннен бастап екі айдан аспайтын мерзімде" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақша ", сондай-ақ екінші кезекті кредиторлардан уәкілетті өкілдерді сайлау үшін олардың жиналысын (конференциясын) ұйымдастырады;" деген сөздермен толықтырылсын;

24) 74-баптың 4-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Конкурстық массаға Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдарына сәйкес құрылған таратылған қорлардың қаражаттары да енгізілмейді.";

25) 75-баптың 1-тармағының екінші бөлігінде "кредиторлар комитеті бекіткен" деген сөздер "кредиторлар комитетінің конкурстық басқарушылармен болған келісімінде анықталған" деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 77-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Қосымша шығыстардың сомасын капиталдандыру көзделмейді.";

27) 83-баптың 1-тармағында екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын:

"Бағалаушыны тартуға қаражат жетіспеген жағдайда, конкурс басқарушысы кредиторлар комитетінің келісімімен мүліктің баланс құны бойынша мүліктердің (активтердің) құнын анықтауға құқылы.";

28) 94 - бапта :

4-тармақта "ресми басылымдардың бірінде, сондай-ақ облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімі ресми жарияланым үшін белгілеген газеттердің немесе өзге де мерзімді басылымдардың бірінде борышкердің тұрғылықты жері бойынша" деген сөздер "белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған республикалық немесе жергілікті (борышкердің тұрғылықты жері бойынша) мерзімді басылымдарының бірінде" деген сөздермен ауыстырылсын;

5 - тармақта :

бірінші бөлікте "және кредиторлар комитетінің" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлікте "ресми басылымдардың бірінде, сондай-ақ облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкім ресми жарияланым үшін белгілеген газеттердің немесе өзге де мерзімді басылымдардың бірінде" деген сөздер "белгіленген тәртіппен нормативтік құқықтық актілерді ресми жариялау құқығын алған республикалық немесе

жергілікті (борышкердің тұрғылықты жері бойынша) мерзімді басылымдарының бірінде" деген сөздермен ауыстырылсын, "борышкердің тұрғылықты жері бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

үшінші бөліктің 2) тармақшасында "жүргізуді" деген сөз "ұйымдастыруды" деген сөзбен ауыстырылсын;

29) 95 - бапта :

2 және 3-тармақтарда "(уәкілетті орган)", "(уәкілетті органның)" деген сөздер алынып тасталсын ;

4 - тармақта :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Егер заңды тұлғаны тарату лауазымды және оны білдіруге уәкілетті тұлғалар болмаған кезде конкурстық өндіріс қозғалмай жүргізілген жағдайда, уәкілетті орган осы Заңның талаптарына сәйкес кредитор талаптары тізілімінің және қорытынды есептің жасалуын ұйымдастырады.";

екінші бөлікте "сатады" деген сөз "сатуды ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын.

**2-бап.** Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*